

**Денисов ауданында жер асты суларының Денисов орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 2 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда № 5362 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Денисов ауданында жер асты суларының Денисов орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

Әкімдіктің  
2014 жылғы 12 қаңтардағы  
№ 2 қаулысына қосымша

**Денисов ауданында жер асты суларының Денисов орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймағының мөлшері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Ұңғымалар № 4			Ұзындығы – 1385 метр Ені – 940 метр			

№ 8

Радиусі – әр  
ұңғыманың  
айналасында  
50 метр

3,14 гектар

Ұзындығы –

577 гектар

Радиусі –  
7846 метр

18750 гектар

		1385 метр Ені – 940 метр		
№ 44		Ұзындығы – 1548 метр Ені – 1152 метр		
№ 49		Ұзындығы – 1972 метр Ені – 1528 метр		

Ескерту: санитарлық қорғау аймағының шекарасы "Жер асты суларының Денисов орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймақтары. "Қостанай облысы Денисов ауданының Денисовка, Некрасовка ауылдарының сумен жабдықталуын қайта құру" жобасының картографиялық материалында көрсетілген (Тапсырыс беруші – "Денисов ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі).